

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 159 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-13, 241-құжат; .N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5; 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж. N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15 86-құжат; N 17 , 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат, N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85 86-құжаттар; N 15, 92, 95, 98, 102-құжаттар; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы, 2006 жылдың 22 желтоқсанында "Егемен Қазақстан" және 2006 жылдың 26 желтоқсанында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтарында "Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелер бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы , 2007 жылдың 17 қаңтарында "Егемен Қазақстан"

және 2007 жылдың 30 қаңтарында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы, 2007 жылдың 7 ақпанында "Егемен Қазақстан" және 2007 жылдың 3 ақпанында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 ақпандағы "Қазақстан Республикасының миноритарлық инвесторлардың құқығын қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы) :

1) 2 0 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацында "декларацияда" деген сөзден кейін ", есепте" деген сөзбен толықтырылсын;

ескерту мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің үстеп есептелген сомасы сондай-ақ қосылған құн салығының шегерімге жатқызылған сомасын өсіріп көрсетуді білдіреді."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11; 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1,4,5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат, N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы, 2006 жылдың 22 желтоқсанында "Егемен Қазақстан" және 2006 жылдың 26 желтоқсанында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтарында "Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелер бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы, 2007 жылдың 17 қаңтарында "Егемен Қазақстан" және 2007 жылдың 30 қаңтарында "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған):

1) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

"36) орталық атқарушы орган - бюджетті атқару жөніндегі мемлекеттік орган.";

2) 1 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық органдарына уәкілетті мемлекеттік органның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша

аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның ауданаралық аумақтық бөлімшелері жатады. Арнайы экономикалық аймақтар құрған жағдайда осы аймақтардың аумағында салық органдары құрылуы мүмкін.";

б - тармақ алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Орталық атқарушы органның құзыреті

О р т а л ы қ а т қ а р у ш ы о р г а н :

1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдері саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді.";

4) 16-баптың 1-1-тармағында "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "орталық атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 49-баптың бірінші бөлігінде "қолдануға құқылы" деген сөздер "қолданады" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 50-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде "өндіріп алуға құқылы" деген сөздер "өндіріп алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 52-баптың 1-тармағында:

"өндіріп алуға құқылы" деген сөздер "өндіріп алады" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 53-баптың 1-тармағында:

"жүргізуге құқылы" деген сөз "жүргізеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 55-бапта "жүгінуге құқылы" деген сөздер "жүгінеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 56-баптың 1-тармағында "қолдануға құқылы" деген сөздер "қолданады" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 69-баптың 1-тармағының бірінші абзацында "тәртіппен және" деген сөздер алып тасталып, "уәкілетті" деген сөздің алдынан "орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен және" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 76-баптың 1-тармағында, 97-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде, 108-баптың 3-тармағында, 153-баптың 2-тармағында, 194-бапта, 267-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде, 318-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде, 388-баптың 2-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацында, 519-баптың 3-тармағында, 530-баптың 1-тармағында, 531-баптың 7-тармағында, 532-баптың 2-тармағында, 545-баптың 3-тармағында, 546-баптың 3-тармағының үшінші бөлігінде, 550-баптың 1-тармағында, 551-бапта "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органмен", "уәкілетті мемлекеттік органға", "уәкілетті мемлекеттік органның", "Уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган", "орталық атқарушы органмен", "орталық атқарушы органға", "орталық атқарушы органның", "Орталық

атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 198-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "тәртіппен және" деген сөздер алып тасталып, "уәкілетті" деген сөздің алдынан "орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен және" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 248-баптың 2-тармағында, 277-баптың 1-тармағында "Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті" деген сөздердің алдынан "Орталық атқарушы орган және" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 251-баптың 4-1-тармағында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысанда және тәртіппен" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысанда және орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 252 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігінде "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "орталық атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - тармақта :

екінші бөлікте "тәртіппен" деген сөз "орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "орталық атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 339-баптың 10-тармағы алып тасталсын;

18) 373-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қызмет түрлерінің тізбесін орталық атқарушы орган айқындайды, біржолғы талондардың нысанын және оларды беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді."

19) 451 және 466-баптарда "облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттеріне" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 469 және 470-баптардың 3-тармағының екінші бөлігінде, 478-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде, 514-баптың 6-тармағында "уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 520 - 1 - бапта :

1-1-тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде және 2-тармақта "уәкілетті мемлекеттік" деген сөздер "орталық атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақ алып тасталсын;

22) 524-баптың 9 және 12-тармақтары алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат;

2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; N 21-22, 86-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгертулер енгізу туралы" Заңы, 2007 жылдың 11 қаңтарында "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 8 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгертулер енгізу туралы" Заңы, 2007 жылдың 11 қаңтарында "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер енгізу туралы" Заңы, 2007 жылдың 2 ақпанында "Егемен Қазақстан" және 2007 жылдың 27 қаңтарында "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

1) 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "2 және 3" деген сөздер "2, 3 және 4" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың қолданылуы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың талаптарында өзгеше көзделген жағдайға таралмайды.

Осы тармақта белгіленген кепілдіктер қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерісіне қолданылмайды.";

2) 7 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) сыртқы экономикалық қызмет - тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызметтермен, зияткерлік қызмет нәтижелерімен, оның ішінде оларға ерекше құқықтармен халықаралық алмасу саласындағы өндірістік, валюталық және қаржылық-кредит операцияларын қоса алғанда, сыртқы сауда, инвестициялық қызмет;" ;

10) тармақшада "сондай-ақ" деген сөзден кейін "тауарлар туралы мәліметтерді, оның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақшада "санитарлық" деген сөз "санитарлық-эпидемиологиялық" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) кеден органының рұқсаты - осы Кодексте көзделген іс-әрекеттерді жасауға кеден органы лауазымды тұлғасының рұқсат ету жазбасы. Рұқсат ету жазбасы қойылған кезде кеден органы лауазымды тұлғасының лауазымы, жеке қолы және күні к ө р с е т і л у і т и і с ; " ;

27) тармақшада "сақтау бойынша" деген сөздерден кейін ", оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 46-1) тармақшамен толықтырылсын:

"46-1) орталық атқарушы орган - бюджеттің атқарылуы және кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік орган;"

3) 14-бап алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Орталық атқарушы органның құзыреті
Орталық атқарушы орган:

1) кеден ісіне жалпы басшылық етуді және кедендік бақылау саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын әзірлейді және жасайды;

4) өз құзыреті шегінде тұрақты негізде кеден ісі саласында сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды, оның ішінде осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы уақытылы хабарлауды қамтамасыз етеді;

5) жекелеген тауарлардың жіктемесі жөніндегі орындауға міндетті шешімдерді әзірлейді, бекітеді және жариялауды қамтамасыз етеді;

5) 23-баптың 8) тармақшасында "әзірлеуге, жасауға және" деген сөздер алып тасталсын;

6) 26-бапта:

2-тармақта "заңмен қорғалатын" деген сөздерден кейін ", оның ішінде тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысты және сол кезде пайдаланылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

4) тармақшада "табыс етеді" деген сөздердің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) орталық атқарушы органға.";

7) 28-баптың 2-тармағында "уәкілетті" деген сөз "орталық атқарушы орган және уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-баптың 3-тармағында, 68-бапта, 94-баптың 5-тармағының 4) тармақшасында, 97-баптың 5) тармақшасында, 102-баптың 5) тармақшасында, 234-бапта, 328-бапта, 351-баптың 3-тармағында, 470-баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде, 493-баптың 2-тармағында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 37-бапта "орама", "орамасы" деген сөздерден кейін "және (немесе) ыдыс", "және (немесе) ыдысы" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 46-бапта бүкіл мәтін бойынша "кеден органы", "кеден органының", "кеден органдарының", "кеден органдары" деген сөздердің алдынан "бақылау өткізу пункттері мен мамандандырылған кеден мекемелерінен басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

11) 47-баптың 1-тармағында "Кеден бекеттері" деген сөздер "Мамандандырылған кеден мекемелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 53-баптың 2-тармағында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "электр энергетикасы саласында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 63 - бапта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) меншігінде осы Кодекстің 81-бабында белгіленген талаптарға сәйкес жабдықталған көлік құралдары болуға";

4) тармақшадағы "тиіс" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) әрбір көлік құралында оның орнын сигнал дыбысымен анықтауға мүмкіндік беретін техникалық жабдық болуға";

14) 64-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы бапта белгіленген өтініште және құжаттарда көрсетілген мәліметтер өзгерген және/немесе толықтырылған жағдайда, кедендік тасымалдаушысы өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей тиісті өзгерістер туралы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді." ;

15) 76 - бапта :

2 - тармақ алып тасталсын ;

3-тармақта "аталған адамдар" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасы кедендік шекарасының қиылысқан жерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "нысанын және толтыру тәртібін" деген сөздер "толтыру нысанын орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 82-баптың 2-тармағында "тауарларды қайта тиеу" деген сөздердің алдынан "Тауарларды жеткізудің технологиялық процесі жүру жолында тауарларды түсірместен көлік түрін өзгертуді көздейтін жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

17) 84-бапта 3-тармағында "тауарларды жоғалтқан" деген сөздерден кейін ", осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

18) 86 - бапта :

1-тармақта "көлік құралының" деген сөздерден кейін "межелі кеден органында" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу туралы хабарламаны кеден органы жеткізуді бақылау құжаттары мен көлік және коммерциялық құжаттарды растау немесе олардың электрондық форматын электрондық цифрлық қолтаңбамен тіркеу жолымен жүзеге асырады." ;

19) 87-бапта "белгіленген тәртіппен" деген сөздерден кейін "не тауар мен көлік құралы кеден ісі саласындағы қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемесі болып табылған жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын ;

20) 88-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында "жайластырылған бөлігі," деген сөздерден кейін "сондай-ақ мамандандырылған көлік- экспедициялық ұйымдар тасымалдайтын экспресс-жүктерді сұрыптауға және өңдеуге арналған үй-жайлар;" деген сөздермен толықтырылсын ;

21) 89 - бапта :

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауардың сипатына қарай қажетті тиеу-түсіру техникасымен және таразы жабдығымен қамтамасыз етілуі тиіс;" ;

4-тармақтың екінші бөлігінде "халықаралық жол тасымалы рәсімін пайдалану;" деген сөздер "кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету;" деген сөздермен ауыстырылсын ;

22) 90 - бапта :

2 - тармақта :

бірінші бөлікте "өкілеттіктері бар тұлға" деген сөздерден кейін "немесе тауарды сақтауға қабылдаған уақытша сақтау қоймасының өкілі" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөлікте "орналастырылса" деген сөз "қойылса" деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 91-баптың 1-тармағында "екі айдан" деген сөздер "қысқаша декларацияны тіркеген күннен бастап қоса алғанда, алпыс күнтізбелік күннен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

24) 93-бапта 2-тармағында "сақтау қоймаларында" деген сөздерден кейін "немесе осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету шартымен көлік құралында" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 104 - бапта :

5) тармақшада "санитарлық" деген сөз "санитарлық-эпидемиологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) келіп түсетін/сақталып жатқан/ әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған

есепке алуды жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндетті түрде пайдалану үшін компьютерлік құрал-жабдық б о л у ғ а т и і с . " ;

26) 106-баптың 3-тармағында "өзге кедендік режимдермен орналастырылуы мүмкін ." деген сөздер "кеден органының қызмет аймағында өзге уақытша сақтау орындарына орналастырылуы, не тиісті кедендік режиммен орналастырылуы тиіс." деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

27) 110-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Тауар және көлік құралы кеден ісі саласындағы қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылған жағдайда, уақытша сақтау қоймасындағы жүкті ұстауды, жеткізуді, орналастыруды жүзеге асырған орган қойманың иесімен шарт жасасады.";

28) 112-баптың 6-тармағында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "электр энергетикасы саласында бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша орталық атқарушы орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

29) 125-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
"3. Тауарлардың кедендік құны осы Кодекстің 39-тарауында, әкелінетін тауарларға қатысты бөлігінде белгіленген тәртіппен айқындалады.";

30) 128-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Бұл ретте, тауардың кедендік құны кеден қоймасының кедендік режиміне орналастырған кезде мәлімделгеннен төмен болмауы тиіс.";

31) 130-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:
"8) келіп түсетін/сақталып жатқан/ әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған есепке алуды жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндетті түрде пайдалану үшін компьютерлік құрал-жабдық б о л у ғ а т и і с . " ;

32) 142-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:
"4. Тауарлардың кедендік құны осы Кодекстің 39-тарауында, әкелінетін тауарларға қатысты бөлігінде белгіленген тәртіппен айқындалады.";

3 3) 1 4 3 - б а п т а :

1-тармақта "фискалдық жады бар" деген сөздердің алдынан "салық заңнамасының талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "өткізу пункттерінде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ халықаралық тасымалдауды орындайтын әуе және теңіз кемелерінің бортында" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

34) 157-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шарттардың (келісім-шарттардың) және олардың негізінде тауарды қайта өңдеу жүргізілетін басқа да құжаттардың күні мен нөмірі, қайта өңдеудің өндірістік процесінің мерзімі";

35) 160-баптың 1-тармағында "дәлелді сұратуы бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен" деген сөздер "кеден ісі мәселелері жөніндегі тұлғаның жазбаша өтініші бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 162-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
"Бұл ретте тауарды қайта өңдеу өнімдерінің кедендік құны тауарды қайта өңдеу үшін әкелінгенін құны ретінде айқындалады.";

37) 172-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
"Бұл ретте тауарды қайта өңдеу өнімдерінің кедендік құны тауарды қайта өңдеу үшін әкелінгенін құны ретінде айқындалады.";

38) 174-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер тауарлар сатып алу-сату шарты бойынша әкетілсе";

39) 190-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
"1-1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режимі аяқталғанға дейін жер қойнауын пайдаланушы уақытша әкелінген тауарды басқа тұлғаға пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беруге не иеліктен шығаруға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы берілген және/немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен жер қойнауын пайдалану құқығы ауысқан жағдайда жол беріледі.";

40) 192 - бапта :

1 - тармақта :

екінші бөлікте "дәлелді" деген сөз "жазбаша" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Кеден органының уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы шешімі декларантқа жазбаша нысанда беріледі, шешімнің екінші данасы кедендік жүк декларациясымен бірге кеден органында сақталады.

Тауарларды уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы өтініш берген кезде декларант кедендік қарау үшін кеден органына осы тауарларды, ал тауарлар кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының қызмет аймағынан тыс жерде болған жағдайда, өздері тұрған қызмет аймағында тауарлардың бар-жоғы және өзгеріссіз қалыпта тұрғандығы туралы кеден органының қорытындысын ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар үшін арналған тауарларды уақытша әкелу мерзімдерін Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жұмыс бағдарламасында айқындалған көлем мен ұзақтықты ескере отырып декларант айқындайды.";

41) 194-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте кеден қоймасы режимін аяқтау және тауарларды уақытша әкелу мерзімін жаңарту үшін пайдаланылмаған мерзімге жаңа кедендік жүк декларация ресімделеді.";

42) 210-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тауарлардың кері экспорты кезінде алдыңғы кедендік режимге орналастырылған күнге кедендік құн қолданылады.";

43) 211-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "тауарларды" деген сөз "егер басқа мерзім келісім-шарттың талаптарында көзделмесе, тауарларды" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

44) 223-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте тауарлардың кедендік құны тиісті кедендік режимге орналастыру кезінде кедендік құнды айқындау ерекшеліктеріне сәйкес белгіленеді.";

45) 240-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"240-бап. Еркін қоймалардағы тауарлармен жүргізілетін операциялар

1. Еркін қоймаларда қайта өңдеу үшін арналған тауарлар үшін: қайта өңдеу бойынша - әкелінген тауарлардың негізгі сипаттамалары сақталатын құрастыруды, жинауды және шақтауды қоса алғанда, басқа тауарды дайындау (өңдеу), бірдейлендіру қайта өңдеудің міндетті шарты болып табылатын жағдайда, әкелінген тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде бірдейлендіруге мүмкіндік беретін сипаттамалар сақтала отырып, бұл ретте шетелдік тауарлар жеке сипатын жоғалтатын тауардың өзін қайта өңдеу, оларды қалпына келтіруді қоса отырып, тауарларды жөндеу, қайта өңдеу процесі барысында оларды толық немесе ішінара тұтына отырып, қайта өңдеу өнімдері өндірісін жеңілдетуге арналған кейбір тауарларды пайдалану операцияларын жасауға ж о л б е р і л е д і .

2. Олардың көмегімен тауарларды қайта өңдеу жөніндегі операциялар жүзеге а с ы р а т ы н т а у а р л а р ү ш і н :

тауарларды еркін қоймада пайдаланылатын технологиялық жабдық және оның қосалқы бөлшектері, тиеу-түсіру техникасы, өзге де техникалық құралдар ретінде п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л е д і .

3. Қайта өңдеу өнімдері үшін:

тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау бойынша - тауарлар легін бөлшектеу, жөнелтімдерді түзу, сұрыптау, орау, қайта орау, таңбалау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, жеткізе жинақтаумен немесе жұмыс күйіне келтірумен байланысты қарапайым операциялар, тиімді орналастыру мақсатында қойма шегінде тауарлардың орнын ауыстыру, тауарларды көрсету стендтеріне орналастыру, тестілеу операцияларын ж а с а у ғ а ж о л б е р і л е д і .

4. Қайта өңдеу үшін арналған тауарлар үшін және қайта өңдеу өнімдері үшін:

бұл тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша - тазалау, желдету, кептіру (оның ішінде жылу ағынын келтірумен), сақтаудың қолайлы температуралық режимін жасау (суыту, мұздату, жылыту), қорғайтын орамаға орналастыру, қорғаныш майын

және консерванттар жағу, коррозияға қарсы жабылғы жасау, сақтандырғыш заттарды енгізу операцияларын жасауға жол беріледі.

5. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында және 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген еркін қоймаға орналастырылған тауарлармен операциялар кеден органын хабардар ете отырып жүргізіледі және Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың кодын өзгертпеуге тиіс.";

46) 245-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте қайта өңделген тауарлардың кедендік құны тауарды қайта өңдеу үшін әкелінгенін құны ретінде айқындалады.";

47) 246-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) және 7) тармақшаларымен толықтырылсын:

"б) келіп түсетін/сақталып жатқан/ әкетілетін тауарлардың автоматтандырылған тіркеуді жүргізу үшін осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімдерді орнату және міндетті түрде пайдалану үшін компьютерлік құрал-жабдық болуға тиіс.";

7) өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитарлық-эпидемиологиялық және техникалық нормаларға сәйкес келуге тиіс.";

48) 248-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) қызмет аймағында қойма бекітілетін кеден органының біліктілік талаптары мен шарттарына сәйкестігі туралы қорытындысы.";

49) 268-баптың 3-тармағы "уақытша әкелінген" деген сөздерден кейін "және уақытша әкетілген" деген сөздермен толықтырылсын;

50) мынадай мазмұндағы 269-1, 269-2, 269-3-баптармен толықтырылсын:

"269-1-бап. Декларациялаудың конклюденттік нысаны кезінде өткізу пункттерін жайластыруға қатысты жалпы ережелер

1. Өткізу пункттерінде декларациялаудың конклюденттік нысанын қолдану мақсаты үшін "жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін қолдану үшін орындар жайластырылады.

2. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін қолдану Қазақстан Республикасы кедендік шекарасы арқылы кейінгі декларациялау нысанын және оған сәйкес онда өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау үшін оған тиісті дәлізді жеке тұлғаның дербес таңдауын көздейді.

3. Кәмелетке толмаған адамдар өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау үшін декларациялау нысаны мен оған тиісті дәлізді таңдауды сүйемелдеуші адам жүргізеді.

269-2-бап. Халықаралық өткізу пунктінде "жасыл және қызыл-дәліздерді" қолдану

1. "Жасыл дәліздер" - Қазақстан Республикасының кеден шекарасына халықаралық өткізу пункті арқылы және осы Кодекстің 289-бабына сәйкес қол жүгінде және иесімен бірге жөнелтілетін багажында міндетті жазбаша декларациялануға жататын тауарлары жоқ жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдікті өткізу тәртібі.

"Жасыл дәлізде" кедендік бақылаудың кейбір нысандарын қолданбау адамдардың Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын сақтау міндетінен босатылатындығын білдірмейді.

2. "Қызыл дәліздер" - осы Кодекстің 265-бабына сәйкес қол жүгінде және иесімен бірге жөнелтілетін багажында міндетті жазбаша декларациялануға жататын жеке тұлғаларға қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының сақталуын камтамасыз ету үшін жеткілікті кедендік бақылау нысандарын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының кеден шекарасында халықаралық өткізу пункттері арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік бақылау тәртібі.

3. "Жасыл" және "қызыл" дәліздердің басталуы мен аяқталуын кедендік бақылау аймағының шегінде кеден органы белгілейді.

269-3-бап. "Жасыл және қызыл дәліздерді" қолдану үшін шекарадағы өткізу пункттеріне қойылатын талаптар

1. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесі шекарада өткізу пункті кедендік бақылау аймағында "жасыл дәліз" талаптарына сәйкес жабдықталған кем дегенде бір дәліз және "қызыл дәлізге" қойылатын талаптарды ескеріп жабдықталған кем дегенде бір дәліз болған кезде қолданылады.

2. Коридорлардың санын кеден органы белгілейді.

3. "Жасыл және қызыл дәліздердің" жайластыруға қолданылатын талаптарды кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.";

51) 275-баптың 1-тармағы "табыс ету талап етілмейді" деген сөздерден кейін "және мұндай жағдайларда кедендік рәсімдеу көлік және коммерциялық құжаттарға кеден органының тиісті белгілерін қою жолымен жүзеге асырылады" деген сөздермен толықтырылсын;

52) 297-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

53) 306-баптың 5) тармақшасы "кірістің бір бөлігі" деген сөздерден кейін ", оның ішінде Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес салық салынатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттен алған кіріс" деген сөздермен толықтырылсын;

54) 309-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақпен толықтырылсын:

"11. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына өзінде ақпарат жазылған ақпарат тасымалдауыштарын (магнит дискілері, магнит таспасы, компакт-дискілер, флоппи-дискілер және т.т.) әкелген кезде кедендік құнға мәміленің мәні көрсетілген тасымалдауыштарда жазылған ақпарат болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты тасымалдауыштың құны ғана қосылады.";

55) 315-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жер қойнауын пайдаланушылар өткізген шартты түрде шығарылған тауарлардың кедендік құны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген қолдану (пайдалану) уақыты ішіндегі амортизация нормаларын ескере отырып, тауарларды өзге кедендік режимге орналастырған күнге айқындалады.";

56) 316 - бапта :

1 н - тармақта :

"растау үшін декларант" деген сөздерден кейін "жазбаша және (немесе) электрондық нысанда" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшада "егер декларант бере алса," деген сөздер "заңнамасы кедендік декларацияны толтыру туралы көздемейтін елдерді қоспағанда" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақта "декларант бұл үшін" деген сөздерден кейін "жазбаша және (немесе) электрондық нысанда" деген сөздермен толықтырылсын;

57) 317-баптың 1-тармағында :

"кеден органына" деген сөздерден кейін "жазбаша және (немесе) электрондық нысанда" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Кедендік құн декларациясын толтырудың тәртібін орталық атқарушы орган белгілейді, нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

58) 318 - бапта :

1-тармақтың 2) тармақшасында :

төртінші абзацында "дәйектемесіз декларациялау" деген сөздерден кейін ", оның ішінде декларацияланатын тауар шыққан елдің сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының сәйкессіздігі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"егер, сатушы кейіннен қайта сатудан тікелей немесе жанама түрде кіріс алса, оның ішінде салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерден алған кірісі болса;"

2 - тармақта :

1) тармақша "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қалған тауарлар бойынша :

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін - тәуелсіз сараптама қорытындысы (акт) және Қазақстан Республикасының кеден органының қарау актісі;

Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тәуелсіз сараптама қорытындысы (акт) .

Осы ереже сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) талаптарында көзделген саны бойынша әкелінген немесе әкетілген тауардың ауытқуларына қолданылмайды.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Сатушыға кейіннен қайта сатудан тікелей немесе жанама түрде түскен кіріске, оның ішінде салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерден алған кіріске байланысты мәміле бағасы өзгерген жағдайда, сатып алу-сатудың не айырбастың сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) және/немесе жарғылық капиталында әрбір мәмілеге қатысушының айналымында жүрген дауыс беруші акциялары немесе резидент емес

заңды тұлғаның және үшінші тұлғаның жарғылық капиталындағы салымдардың (пайлардың) 5 немесе одан да көп пайыздары тікелей немесе жанама резидентке жататын резидент еместік шот-фактурасы (инвойсы) тауар мәмілесінің бағасын түзетуді растайтын құжат болып табылады.

Бұл ретте түзетуді резидент емес тұлға үшінші тұлғаға соңғы қайта сату жөніндегі мәліметтермен өз атынан ұсынатын құжаттар бойынша резидент жүргізеді.";

5-тармақта "экспорт режимінде" деген сөздер және "немесе тауарды еркін айналым үшін шығарғаннан" деген сөздер алып тасталсын;

6 - т а р м а қ т а :

"түзетілетін" деген сөздің алдынан ", оның ішінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды және шығарылған елі өзгеруіне байланысты" деген сөздермен толықтырылсын;

59) 320-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

6 0) 3 2 1 - б а п т а :

1-тармақта "кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілген болса," деген сөздер "осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "мәліметтерін пайдалана отырып" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ шет мемлекеттермен деректер алмасу және 314-баптың 2-тармағында айқындалған деректердің негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

61) мынадай мазмұндағы 321-1-баппен толықтырылсын:

"321-1-бап. Тауарлардың кедендік құнын айқындауға қатысты қосымша ережелер

Қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде кедендік шекара арқылы тауарларды заңсыз өткізуден болатын кедендік төлемдер мен салықтар бойынша залалды белгілеу мақсатында тауарлардың кедендік құнын айқындау заңнамада белгіленген тәртіппен сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодексте белгіленген талаптар мен шарттарды бұза отырып өткізілген тауарларға қатысты және кедендік төлемдер мен салықтар төленбеген тауарларға қатысты өсімпұлды қоса алғанда, төлеуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы шекарадан өткен күні, ал егер де мұндай күнді анықтау мүмкін болмаса, кеден органдары осы тауарларды анықтаған күні қолданылатын ставкаларды негізге ала отырып есептеледі.

Кеден органына тауарлардың сипаты туралы, олардың атаулары туралы, мөлшері, шығарылған елі туралы нақты мәліметтерді ұсынбауға байланысты кедендік төлемдер мен салықтардың сомаларын анықтау мүмкін болмаған кезде кедендік төлемдер мен салықтардың сомалары кедендік төлемдер мен салықтардың барынша көп мөлшерінің, тауардың мөлшері мен шығарылған елінің негізінде анықталады.";

62) 322-баптың 2) тармақшасында "лицензия" деген сөзден кейін "немесе кедендік

ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын" деген сөздер алып тасталсын;

63) 325-бапта "Лицензиялар" деген сөздерден кейін "мен кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын" деген сөздер алып тасталсын;

64) 326-баптың 3-тармағында "тиісті уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті" деген сөздер "орталық атқарушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

65) 327-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"327-бап. Талап қою мерзімі

Кеден органдарының кедендік төлемдердің және салықтардың қайта қаралған сомаларын төлеу не кедендік төлемдердің және салықтардың төленбеген сомаларын өндіріп алу туралы талаптары бойынша, сондай-ақ төлеушілердің артық төленген кедендік төлемдердің және салықтардың сомасын қайтарып алу немесе есепке алу туралы талаптары бойынша талап қою мерзімі бес жыл болып белгіленеді.";

66) 338-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) осы Кодекстің 370-бабына сәйкес шартты түрде тауарларды шығару кезінде қолданылады." ;

67) 339-баптың 1-тармағы:

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) бюджетке ақша аудару түрінде берілуі мүмкін.";

3-тармағы алып тасталсын;

68) 346-бапта:

барлық сөйлем бойынша "артық" деген сөзден кейін "немесе қате" деген сөздермен толықтырылсын ;

1-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Аудару кезінде мынадай қателер жіберілген сомалардың бюджетке түсуі кедендік төлемдер мен салықтардың қате төленген сомалары деп саналады:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі салық төлеушінің атауына сәйкес келмесе;

2) алушы - салық органының Салық төлеушінің тіркеу нөмірі дұрыс емес көрсетілсе ;

3) банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлем құжатын дұрыс емес ресімдесе;

4) банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, салық және басқа да міндетті төлемдерді қате екі рет есептесе;

5) төлемнің мәтіндік мәні төлемнің мәндік кодына және кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодына сәйкес келмесе;

6) көрсетілген салық органында салық төлеушінің тіркеу деректері болмаса;

7) басқа да себептер." ;

7-тармағы "өтініш бойынша" деген сөздерден кейін "он бес жұмыс күнінен артық емес мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын;

69) 350-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Егер, хабарламаға шағымданған жағдайда хабарламадағы талаптарды орындау мерзімін есептеу шағым берілген күннен бастап шағым бойынша шығарылған шешімнің заңды күшіне енген күнін қоса алғанға дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатылады.

Бұл ретте, шағымдану өсімпұл есептеуді тоқтата тұрмайды.";

70) 354-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері банк берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақшаның көрсетілген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы мөлшеріндегі сомасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң актісіне сәйкес өндіріп алуға жол берілмейтін банк шоттарына қолданылмайды.";

71) 357-баптың 3-тармағында "заңдарына" деген сөз "салық заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 2) 3 8 0 - б а п т а :

1-тармағының 1 бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарларға жүктің кедендік декларациясы межелі кеден органында қысқаша декларацияны тіркеген күнді қоса есептегенде күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей беріледі.";

3-тармағында "дәлелді өтініші" деген сөздер "жазбаша өтініші" деген сөздермен ауыстырылсын ;

73) 382-баптың 5-тармағының 1) тармақшасында "брокерлік қызмет көрсетуге шарт" деген сөздерден кейін "және кедендік ресімдеу бойынша маманның біліктілік аттестаты" деген сөздер алып тасталсын;

7 4) 3 8 3 - б а п т а :

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"заңнамаларында кедендік декларациялауды толтыру қарастырылмаған елдерден басқа, жөнелтуші елдің жүк кедендік декларациясының көшірмесі";

17) тармақшасының бесінші бөлікте "әкетілуін" деген сөзден кейін "және/немесе әкелінуін" деген сөздермен толықтырылсын;

7 5) 3 8 5 - б а п т а :

2-тармақта "Кеден органы" деген сөздер алып тасталсын және "өзгертуге және толықтыруға рұқсат етеді" деген сөздер "өзгертуі және толықтыруы мүмкін" деген сөзбен толықтырылсын ;

6 - т а р м а қ т а :

"дәлелді өтініші" деген сөздер "жазбаша өтініші" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Ресімдеу мерзімі осы Кодекстің 440-бабында белгіленген мерзімнен асатын жүк кедендік декларациясы күшін жоюға жатады.";

8-тармақта "дәлелді өтініші" деген сөздер "жазбаша өтініші" деген сөздермен ауыстырылсын;

76) 387 - бапта:

2-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Уақытша кедендік декларация берілген кезде нақты сатып алушы айқындалмаған жағдайда және/немесе келісім-шарттың тараптары өзара тәуелді тұлғалар болып табылса, өзара тәуелді тараптар арасында бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) шеңберінде тауарларды жеткізуге бір уақытша кедендік декларация беріліп, кейіннен байланысты емес нақты сатып алушылардың саны бойынша бірнеше толық кедендік жүк декларациясы мен сатып алу-сату шарты (келісім-шарты) беріледі.";

3-тармақта "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Декларант жүктің уақытша кедендік декларациясында мәлімделген тауарлар легі жеткізілгеннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүктің толық кедендік декларациясын беруге міндетті.

Тауарларды бағаны айқындау талаптары бар шарт бойынша өткізу кезінде, меншік құқығын Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге беру кезінде беру мерзімі баға мен мөлшерді айқындау үшін пайдаланылатын коносамент, қабылдап алу-тапсыру актісі не басқа да құжаттар ресімделген күннен бастап, бірақ уақытша кедендік декларация тіркелген күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен асырмай есептеледі. Егер декларацияланатын тауарлар легіне бірнеше көліктік құжат жасалса, мерзім, отыз күнтізбелік күн соңғы көліктік құжат ресімделген күннен бастап есептеледі.";

77) мынадай мазмұндағы 389-1-баппен толықтырылсын:

"389-1-бап. Бөлшектелген немесе жинақсыз түрдегі тауарларға арналған декларация

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы бірнеше топпен жеткізілетін тауарларды бөлшектелген немесе жинақсыз түрде өткізген кезде, егер өндірістік немесе көліктік жағдайлар бойынша оларды бір топпен тиеу мүмкін болмаса, осы топтар бірыңғай тауар болып қаралуы және декларациялануы мүмкін.

Осы баптың 1-тармағының ережелері мынадай шарттарды сақтаған кезде қолданылады:

1) кеден органын осындай жеткізу себептерін көрсете отырып, жинақталған объектіні жеткізу туралы алдын ала хабарландырған;

2) бір келісім-шарт шеңберінде жиынтық тауардың барлық тобын бір жеткізуші жеткізген;

3) бір кедендік органда жиынтық тауарлардың барлық топтары декларацияланған;

4) Қазақстан Республикасының кеден аумағына жинақталған объектіні жеткізу туралы алдын ала хабарланған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде тауарлардың барлық тобын әкелген.

Декларанттың дәлелді өтініші бойынша тауарларды алушыға байланысты емес себептер бойынша тауарларды жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, жинақталған объектілердің қалған топтарын әкелу мерзімін кеден органы ұзартуы мүмкін. Бұл ретте көрсетілген ұзарту жинақталған объектіні жеткізу туралы хабарлама күнінен бастап бір жылдан аса алмайды.

Тауарларды бөлшектелген немесе жинақсыз түрде декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды кедендік ресімдеу тәртібін орталық атқарушы орган анықтайды.";

78) 390 - бапта :

390-баптың қолданыстағы редакциясы 1-тармақ болып белгіленсін; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану арқылы кеден органдары тауарларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде декларант ұсынылған ақпараттың дұрыс еместігі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап береді." ;

79) мынадай мазмұндағы 393-1-баппен толықтырылсын:

"393-1-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын шартты шығару

1. Мынадай тауарлар мен көлік құралдары шартты шығаруға жатады: шектеулер сақтала отырып оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген;

кеден қоймасы, бажсыз сауда дүкені, тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеу, еркін айналыс қайта өңдеу, уақытша әкелу/әкету, еркін қойма және еркін кеден аймағы кедендік режимдеріне орналастырылған;

оларды шығару Қазақстан Республикасының заңдармен белгіленген шектеулерді сақтауын растайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынбастан жүзеге асырылатын;

оларға қатысты осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз ету қолданылатын.

2. Шартты шығару кезінде тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болады.

3. Оларға қатысты кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген шартты шығарылған тауарлар жеңілдіктер беру шарттарына сәйкес келетін мақсаттарда ғана пайдаланыла алады.

4. Кеден органдары шектеулерді сақтауын растайтын құжаттарды ұсынбастан шығаруды жүзеге асырған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге, оның ішінде оларды сату жолымен немесе өзге әдіспен иеліктен шығаруға тыйым салынады.

5. Еркін айналыс үшін шығаруға мәлімделген тауарлар бюджетке кедендік төлемдер

мен салықтардың тиісті сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған сәтіне дейін шартты шығарылған деп саналады.

6. Шартты түрде жіберілген тауарлардың шетелдік тауарлар мәртебесі болады.";

80) 394-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"394-бап. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның лицензиясын алған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген жеке кәсіпкер кеден брокері бола алады.";

81) 395-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "қамтамасыз ету" деген сөздердің алдынан ", егер ол кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы шартта көзделсе" деген сөздермен толықтырылсын;

82) 397-баптың 2-тармағында:

7) "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшасындағы "бөлігінде" деген сөзден кейін ", егер ол кеден брокері мен өкілдік беруші тұлғаның арасындағы шартта көзделсе" деген сөздермен толықтырылсын;

83) 398-баптың 1-тармағында:

4) тармақшасында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшасы алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) кеден органына кеден брокерінің штатында тұратын мамандар туралы мәліметтерді ұсыну;" ;

84) 400-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"400. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру үшін мынадай біліктілік талаптарына :

1) осы Кодекстің 424-бабының 6-тармағына сәйкес кеден органдары пайдаланатын бағдарламалық өнімдермен үйлесімді бағдарламалық өнімнің болуына;

2) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша делдалдық қызмет көрсетуге байланысты өкілдік беруші тұлғалардың мүліктері мен мүдделеріне зиян келтіргені үшін кеден брокерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуына.";

85) 401-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны алғаннан кейін осындай қызметті бастауға құқылы." ;

2-тармақтың 1) тармақшасында "заңды" деген сөз "мүдделі" деген сөзбен ауыстырылсын;

86) 403-баптың 1 тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

87) 407 және 408-баптар алып тасталсын;

88) 411-бапта "зияткерлік меншік" деген сөздер "тауар таңбаларына авторлық құқық және аралас құқық" деген сөздермен ауыстырылсын;

89) 412-баптың 2-тармағында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы органның келісімі бойынша әділет органдарымен";

90) 419-бапта 2-тармақта "не оны алмастырушы адам" деген сөздерден кейін "тиісті бұйрық рәсімдей отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

91) мынадай мазмұндағы 420-1-баппен толықтырылсын:

"420-1-бап. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік құқығын қорғауына қатысты қосымша ережелер

Кеден органдары сот шешіміне сәйкес жоюға жататын контрафактылы тауарларды тиісті мемлекеттік органға беруге міндетті.

Контрафактылы тауарды жою жөніндегі сот шешімі шығарылған жағдайда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.";

9 2) 4 2 4 - б а п т а :

3-тармақтың 1) тармақшасында "әзірлейтін," деген сөз алып тасталсын;

6-тармақта "кеден органдарымен" деген сөздер "ақпарат және байланыс облысы бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

"кедендік" деген сөзден кейін ", фискалдық және болжаулық" деген сөздермен толықтырылсын;

93) 432-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін осы Кодекстің 441-бабында көзделген (жеке тексеріп қарауды қоспағанда) қарастырылған нысандарда кедендік бақылауды жүзеге асырады.";

94) 433-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу пунктінде радиациялық бақылау жүргізу тәртібін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.";

95) 442-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. 442-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша құжаттар мен мәліметтерге сұрау салу және егер, осы Кодексте тікелей өзгеше көзделмесе, оларды тауарларды шығаруға кедергі жасамайтындығына тексеру.";

1-тармақтың бірінші бөлікте "зерттеу жүргізу" деген сөздерден кейін, ", сондай-ақ құжаттардың және бірдейлендіру құралдарының түпнұсқалығын тексеру" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - тармақта:

бірінші бөлікте "сарапшылары" деген сөз "мамандары" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшасының екінші бөлігінде "қаулы" деген сөзден кейін "немесе анықтама" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жолдамада не қаулыда немесе анықтамада көрсетіледі:";

5-тармақта "қаулы" деген сөзден кейін "немесе анықтама" деген сөздермен толықтырылсын;

97) 468-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде "мүмкіндік беретін" деген сөздерден кейін ", талдау мен тәуекелді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде жүзеге асырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

98) мынадай мазмұндағы 469-1-баппен толықтырылсын:

"469-1-бап. Алдын ала ақпарат беру

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, тасымалдаушылар, кеден ісі саласында лицензиясы бар тұлғалар электронды түрде жүк, жолаушылар, көлік құралдары және жүру бағыты туралы алдын ала ақпаратты береді.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетел мемлекеттерінің кеден органдарымен алдын ала ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Алдын ала ақпаратты беру және пайдалану тәртібін орталық атқарушы орган белгілейді."

99) 481-бапта 2) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасына сәйкес тауарлардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы қозғалысы туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарлап отырады;"

100) 494-баптың 1-тармағында, 498-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "кеден ісі" деген сөздер "немесе орталық атқарушы органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

101) 502-баптың 1 және 2-тармақтарында "уәкілетті орган" деген сөздер "немесе орталық атқарушы орган" деген сөздермен толықтырылсын;

102) 506-баптың 2-тармағында:

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиясының қызметке жарамдылығы туралы медициналық қорытындысының болуы;"

3) тармақшасында "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "

Қазақстан Республикасының заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

103) 507-бапта барлық мәтін бойынша "жас мамандарды", "жас мамандар" деген сөздер "жаңадан қабылданғандарды", "жаңадан қабылданғандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

104) 508-бап алып тасталсын;

105) 511-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кіші, орта, басшы құрамның арнаулы атақтарын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның басшысы береді.

Аға басшы құрамның арнаулы атақтарын орталық атқарушы органның басшысымен беріледі." ;

106) 515-баптың 1-тармағы:

"кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның басшылары, сондай-ақ кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның облыстар (республикалық маңыздағы қалалар, астана) бойынша аумақтық бөлімшелерінің, кедендерінің, мамандандырылған кеден мекемелерінің басшылары және олардың орынбасарлары сол кеден органында не атқарып отырған басшы лауазымында үздіксіз болған 3 жыл өткен сайын ротациялануы мүмкін." ;

107) 516-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік қызметте болуға байланысты міндеттерді және шектеулерді сақтамауы ; " ;

108) 517-баптың 3-тармағында:

"кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "тиісті уәкілетті органның келісімі бойынша орталық атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

109) 518-бапта 2-тармақтың 2) тармақшасында "қызметкерлері" деген сөздер "лауазымды тұлғаларына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті